Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 96

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРДІҢ ФИТОТОПОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОЦЕНОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАСЫ

Муханов Н.К.

Түгендеу және бағалау жұмыстарын жүргізу үшін Ақмола обылысының Целиноград және Аршалы аудандарына қарасты 3 шаруашылықтың жайылымдық жерлері таңдалып алынды. 2010 жылы түгендеу және бағалау жұмыстары 3879 га жерге және 2011 жылы 4021 га жерге жүргізілді. Жайылымдық жерлерді фитотопологиялық және фитоценологиялық бағалау жұмыстары мамыр және маусым айының басында «Агрофирма Родина» ЖШС-де 2010 жылы 2540 га жерге, ал 2011 жылы 2562 га жерге, соның ішінде түгендеу жұмыстары 123-127 га жерге, «Агрофирма Актык» ЖШС-де тиісінше 1235-1245 га және 114-116 га, «Постников» ШҚ-да 104-114 га және 51-55 га жайылымдық жерлерге жүргізілді.

Жайылымдық жерлерді зерттеу нәтижелері барлық шаруашылықтардың табиғи жайылымдық жерлерінің агрофитоценозы бетегелі-селеулі өсімдіктерден тұратынын, кейбір жерлерде жусанның алуан түрлерінің саны басым болатынын және астық тұқымдас көпжылдық шөптердің кейбір түрлері де кездесетінін көрсетті. Сонымен қатар, жайылымдық жерлердің су басатын жерлеріндегі өсімдік қауымдастығында өсімдіктердің басым түрлері шалғындық қоңырбас, жағалы тік арпабас, жатаған бидайық, ақ жусан, қияқөлеңділер, шалғындық атқонақ, су қамысы және т.б. болды. Құрғақшылықты болған 2010 жылы су жайылатын жайылымдық жерлердің жасыл балауса өнімі небары 3,5-15 ц/га болды, ал жауын-шашын мол болған 2011 жылы су жайылатын жайылымдық жерлердің жасыл балауса өнімі 25-30 ц/га дейін болса, ал құрғақ аңғарлы жайылымдық жерлердің жасыл балауса өнімі гектарына 10-15 центнерде құрады.

Ақмола обылысының құрғақ аңғарлы жерлерінде бетегелі-селеулі жайылым типтері басым. Ылғалдану жағдайларына байланысты құрғақ аңғарлы жайылымдық жерлердің жасыл балаусасының орташа өнімі 3,5 ц-ден 15,2 ц/га дейін болса, ал Есіл және Нұра өзендерінің жағалауларындағы су жайылатын жайылымдық жерлердің өнімі 15,0 ц-ден 30,1 ц/га дейінгі аралықта өзгерді. Ескеретін жайт, бетеге мен селеу – тез пісетін астық тұқмдас шөптер, яғни олар тіршілік кезеңін маусым айының ортасы-шілде айының басында аяқтайды, сондықтан да осы кезеңде жануарлар үшін азық тапшылығы басталады. Бетегелі-жусанды жайылымдар ірі қара малдар үшін мүлде жарамсыз, сондықтан бұл аймақтарда жаздың екінші жартысында малдарды толыққанды мал азығымен қамтамасыз ету үшін жасыл конвейер құру есебінен қосымша азықтандырудың маңызы зор.

Ғылыми жетекшісі – а.ш.ғ. докторы, профессор Серікпаев Н.А.